

ҒТАХА 16.41.25.

DOI: <https://doi.org/10.62724/202420201>

Гөксел Өзтүрк*¹,

PhD. Стамбул 29 Мамыр университеті, Стамбул қаласы, Түркия Республикасы.
gozturk@29mayis.edu.tr, ORCID ID 0000-0002-7631-3295

Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы²,

филология ғылымдарының докторы, профессор. Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті. Республика Қазақстан, 090006,
Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы 194,
sabir_uralsk@mail.ru, ORCID ID 0000-0002-2226-3704

Ахметов Талгат Русланович²,

педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті. Республика Қазақстан, 090006,
Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы 194,
talgat_akhmet@bk.ru, ORCID ID 0000-0002-9671-7115

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ қоғамындағы ұлттық рухани-мәдени құндылықтардың тек тамырын Жошы ұлысы дәуіріндегі жазба жәдігерліктер тілінен іздестіреді. Тілдік деректер арқылы рухани-мәдени кодтарды зерделеу жұмыстың өзектілігін көрсетеді. Қазақ руханияты үшін осы дәуірдегі жазба мұралардың орны мен маңызы жан-жақты дәлелденген. Зерттеудің мақсаты қазақ жұртының бір орталыққа ұйысуында, тілінің бірегейленуінде, рухани-мәдени құндылықтарының нықталуында, әдебиетінің дамуында, саяси-әлеуметтік тұрғыда әлеуетінің артуында Жошы ұлысының тікелей қатыстылығын жазба ескерткіштер тілі арқылы дәлелдеу. Зерттеу жұмысының алдына қойған мақсат-міндеттері теориялық және практикалық тұрғыдан орындалған. Орта түркі дәуірі, оның ішінде Жошы ұлысы территориясында жазылған жазба мұралардың тіліндегі тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер бүгінгі қазақ тілі деректерімен салыстырылып, ғылыми тұжырымдар келтірілген. Қазақ елі ұлы дала көшпенділерінің рухани-мәдени мұрагері екендігі даусыз. Екі дәуірдегі әдеби, тілдік деректер салыстырыла зерттелгенде мұрагерлік одан сайын айқындала түседі. Сонымен қатар жазба ескерткіштердің қазақ халқының рухани-мәдени мұрасы екендігі ғылыми тұрғыда дәлелденген. Тіліміздің бойындағы ұлттық дүниетаным, ұлттық дәстүрлер, рухани-мәдени кодтар да ежелгі дәуірлерден дамып, Жошы ұлысы тұсында жетіліп, бүгінде ұлтымызды ұйыстырып отырғандығы нақты деректермен терең талданған.

Кілт сөздер. Жошы ұлысы, жазба жәдігерліктер, рухани-мәдени мұра, сабақтастық.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Орта ғасыр жазба ескерткіштері тілі – рухани, мәдени құндылықтар әлемі» (AP19679282) атты жоба аясында жазылды.

Кіріспе. Қазіргі қазақ қоғамында ұлттық құндылықтарды, дәстүрді бір ізді жүйемен бере алмай келеміз. Бүгінгі ақпараттық және жаһандану заманында сыртқы

мәдени күштердің ықпалы да күшті. Қай ұлттың рухани мәдениетінің тамыры нық болса, саяси-мәдени жағдайларда өзін жоғалтпай тек-тамырынан қол үзбей жаңа заманмен үндесіп, өмір сүруге бейім болатыны айдан анық. Қазіргі қазақ руханияты үшін Жошы ұлысы тұсындағы жазба мұраларды ұлттық құндылықтар тұрғысында қарастыру, оларды жаңғырту, сақтау, дәріптеу, насихаттау саяси-әлеуметтік және идеологиялық мәселе. Бүгінгі заманғы жаңа білім берудің міндеті –мәдени мұраларды ұлттық құндылық ретінде зерттеудің әдістемелік жүйесін қалыптастыру, яғни жазба ескерткіштерді лексика-грамматикалық не әдеби тұрғыдан талдау ғана емес «тіл-ұлт-мәдениет» үштігі негізінде антипроэектік тұрғыдан бағалау, саралау өзекті.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Жошы ұлысы дәуіріндегі «Хұсрау мен Шырын», «Гүлстан бит-турк» т.б. жазба жәдігерліктердің мәтіндеріндегі деректер мысал ретінде алынды. Осы кезеңдегі жазба мұраларды зерттеген белгілі ғалымдардың, атап айтсақ Э.Н.Наджиб, Э.Фазылов, А.М.Щербак, Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықұлы, Ә.Керімов, А.Ибатовтардың ғылыми еңбектері басшылыққа алынды.

Мақсаты айқын жұмысты зерттеу мақсатында – тарихи-салыстырмалы, диахронды-синхрондық, типологиялық салыстыру, баяндау, талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Қазақ жұртының рухани мәдени мұрасын түгендегенде Ұлық Ұлыс-Жошы ұлысына, түркітану ғылымында Алтын Орда дәуірі деп айдарланған кезеңге соқпай кете алмаймыз. Қазақ жұртының бір орталыққа ұйысуында, тілінің бірегейленуінде, рухани-мәдени құндылықтарының нықталуында, әдебиетінің дамуында, саяси-әлеуметтік тұрғыда әлеуетінің артуында Жошы ұлысының маңызы зор.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Жайық жағасында өткен III Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде «Біз болашаққа сеніммен қадам басу үшін төл тарихымыздың ауқымы кең екенін толық сезініп, мәдени мұрамызды сақтап, оны дәріптеуіміз қажет. Қазақстан – Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің тікелей мұрагері. Жер жүзіне Алтын Орда деген атпен танылған әйгілі Жошы Ұлысы Орталық Еуразияның байтақ даласындағы ең қуатты мемлекет ретінде мойындалған. Осы ортағасырлық державаның геосаяси мұрасы бірқатар Еуразия мемлекетінің, соның ішінде Қазақ хандығының құрылуына негіз болды» деп атап көрсетті[1]. Сөз жоқ мемлекеттігіміздің мәйегі сақ, ғұн, қаңлы, көне түркі замандарынан құнарлы топырақта жетіліп, Жошы ұлысында өркендеді. Қазақ хандығы өз еншісін осы мемлекеттен алғандығын дәлелді деректермен айтып жүрміз. Жошы ұлысы әлемдік тарихта ірі ұлыс-мемлекет, қазақ ауыз әдебиетінде «Ноғайлының ауыр жұрты» деп те аталған. Ол ежелгі Сейхундариядан (Сырдария) бастау алып, Сібір, Еділ бойын түгел жайлап, Қырым, Кавказ, Шығыс Еуропа, Дунайға дейінгі аймақты билеген алып держава болды. Жеті жылдық жорықты жеңіспен аяқтап, Жошы ұлысының іргесін бекіткен Сайын хан атанған Жошының ұлы Батый еді. Оның інісі Берке мемлекетті одан әрі нығайта отырып, мұсылмандық жолды таңдап, сәждеге бас иіді. Ал Берке хан тұсында ұлыс тіпті өркендеп, саяси-экономикалық дербестікке ұмытылып, Қарақорымдағы ұлы хан Құбылай ханның билігіне бас иейтіндігін жариялады. Мұсылмандық жол елдің рухани, мәдени дамуына өз ықпалын тигізді. Берке ханның сарайы ғылым-білім, өнер адамдарының ордасына айналғандығын орта ғасыр саяхатшыларының жазбаларынан білеміз. Бұл туралы Кеңестік түркітанушы Әмір Нәжіп мынадай пікір білдірді: «Алтын Ордада болған араб және парсы тарихшылары Алтын Орда аумағында ғылыми және әдеби қызметпен айналысқан көптеген ғалымдар, жазушылар, дінтанушылар мен ақындардың өмір сүргендігі туралы баяндайды. Бүгінгі заманда табылып отырған Алтын Орданың материалдық және рухани мәдениетінің мұралары оның орталық қалаларында аса жоғары мәдениеттің болғандығын дәлелдейді» [2,29].

Он төртінші ғасырдың бірінші жартысында ислам діні ұлыстың біраз аймағына тарады. 1312-1342 жылдары ұлысты билеген Өзбек хан қалалық жерлерге мәдени орындар, оның ішінде мешіттер мен медреселер, керуен сарайлар, моншалар салуға пәрмен берген еді. Орта ғасырларда Жібек жолы бойындағы сауда-саттық өркендеп, мәдени-рухани қарым-қатынастар дамып, кеурен жолдарында қауып-қатерлер жойылды. Жошы ұлысы өз дәуірінде бір орталыққа бағынған, сол замандардағы ірі мемлекеттерден еш кемдігі жоқ құқықтың елге айналды.

Жошы ұлысы дәуірінде дүниеге келген жазба жәдігерліктер - қазақ халқының рухани-мәдени мұрасы деп айтуымызға толық негіз бар. Көне қыпшақ-оғыз тілінде жазылған ескерткіштерді қазақ руханиятының қайнар көзі деп тани отырып, тілдік, әдеби тұрғыдан зерделеу - маңызды іс.

Осы дәуір әдеби мұраларын арнайы зерттеген А.Қыраубаева «Бұл дәуірдегі көркем әдебиет, негізінен екі түрлі. Біріншісі, аударма-назиралық шығармалар: Құтыптың «Хұсрау мен Шырын», «Сэйф Сарайдың «Гүлстан», Әлидің «Қисса Жүсібі», Рабғузидің «Қисса -и Рабғузи» кітабы, Махмұт бин Алидің «Неджд ул-Фарадис» (Жұмаққа апарар жол), Хусам Катибтің «Жумжума» кітабы, тағы басқалар. Екіншісі - тыңтума әдебиет: «Махаббатнама», -деп талдай отырып, жазба жәдігерліктердің өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді [3,32].

Осы Жошы ұлысы дәуіріндегі жазба ескерткіштер түркі халықтарына ортақ екені рас. Дегенмен рухани-мәдени мұра ретінде қазақ жұртына қандай дәрежеде қатысты деген сұраққа жауап іздеу қажет-ақ. Бұл тұста біз қыпшақ факторына сүйенеміз. Жошы ұлысы аумағын мекендеген халықтардың құрамы әртүрлі болғандығы туралы тарихи, деректік ақпараттар бар. Белгілі ғалым П.М.Мелиоранский өзінің зерттеулерінде Алтын Орда әртүрлі түркі және монғол тайпаларының қосындысынан тұрды дейді[4,13]. Ұлық Ұлыс аталған алып империяның құрамында әртүрлі халықтардың қатар өмір сүруі заңды құбылыс. Дегенмен Жошы ұлысының негізгі халқы оғыз және қыпшақ тайпалары болды. Әсіресе қыпшақ тайпаларының ел аумағында гегемондық дәрежеде саяси-әлеуметтік әлеуеті зор болды. Жошы ұлысының бар қиырында қыпшақ тілінің үні басым болды. «XIV ғасырды Хорезмнің солтүстік бөлігі кіретін Алтын Ордадағы әдеби тіл - қыпшақ тілі болды»[5,83]. Егер біз сол байырғы қыпшақтардың бүгінгі мұрагері болсақ ол сөзсіз тілден көрініс табады. Жазба ескерткіштердің тілін саралап зерделесек, М.Қашқари көрсеткен XI ғасырдың ортасында қолданылған қыпшақ тілінің фонетикалық негізгі көрсеткіші – *дж(ж) (йанджу емес джанжу-шуда), с (талыс, қысыр), т (дәуә емес тәуә-түйе), й (қадық емес қайық)* дыбыстарының қолданылуы мен *з/г (тамғақ емес тамақ, суғ емес су)* дыбысының айтылмай түсіп қалуы Алтын Орда дәуірінде де кеңінен қолданылып, бүгінгі қазақ тілінде сол күйінде сақталған.

Қазақ тілінің сөздік қорының байлығы туралы, сол тілді сөйлеуші қазақтардың шешендігі туралы В.Радлов, С.Е.Малов сияқты ғалымдар тамсана жазған болатын. Тамырын тереңнен тартқан қазақ тілі түркі тілдері дамуының көне түркі және орта түркі дәуірлерінде дамып, өркендеп, ұлттық сипат алып, дараланып, бүгінгі жетті. Ана тіліміздің бойында тұнып тұрған ұлттық дүниетаным, ұлттық дәстүрлер, рухани-мәдени кодтар да ежелгі дәуірлерден дамып, ұлтымызды ұйыстырып отыр. В.Гумбольдың тұжырымына сүйенсек: «Тіл халық рухының сыртқа шығуы сияқты: халықтың тілі - оның рухы, халықтың рухы – оның тілі және осыдан асқан сәйкестікті елестету қиын».

Бүгінде тіл мен мәдениет, тіл мен этнос сабақтастығын зерттейтін білім салалары, атап айтсақ лингвомәдениеттану, этнолингвистика ғылымдары қазақ тіл білімінде даму үстінде. Осы ғылыми бағыттардың теориялық қағидаларына сүйене отырып, жазба жәдігерліктердің тіліндегі орта ғасырлық қыпшақтық және бүгінгі қазақы мәдениетті салғастыра зерделеу ұлттың этнотілдік көрінісін бағамдауға мүмкіндік туғызады.

Бүгінгі қыпшақ және оғыз тобына кіретін тілдердің тарихын, сол тілдер арқылы ұлттардың мәдени бет-бейнесін зерделесек Жошы ұлысы дәуірі жазба мұраларға соқпай кете алмаймыз. Әсіресе қазақ ұлтының этнотілдік көрінісін байқап, бағамдау үшін тұрақты тіркестердің маңызы зор. «Әртүрлі тілдік құралдармен (лексикалық, грамматикалық, стилистикалық) қалыптасатын әлемнің фразеологиялық бейнесі әлемнің тілдік бейнесінің құрылымдық бөлігі болып саналады»[6,12]. Жазба жәдігерліктердің тіліндегі фразеологизмдерді қазақ тіліндегі бірізді, ұқсас нұсқаларымен шендестіріп, қарастырсақ бір тұтас дүниетанымды бір деңгейде бере алатындығын байқаймыз. Ұлттың этнотілдік бейнесі сөз иесінің рухани-мәдени көзқарасын белгілейді.

Жазба ескерткіштерде сол кезеңнің барлық сөздік қоры түгел пайдаланылмайтыны анық. Дегенмен оның тіліндегі фраземалардан бүгінгі қазақ ұлтының таным түсінігімен сай келетін, ортақ мәдени, танымдық белгілер.

Мәселен, Біліг қамчысыны елге алыб “білім қамшысын қолға алып” [7,69]. Жазба жәдігерліктен алынған осы мысалдағы *біліг қамчысы* тұрақты тіркесі қазақ ұлтына тән таным үрдісінен ақпарат беріп тұр: *Қамшы* атты қазақтың негізгі қаруы. Қамшысы жоқ қазақ қазақ емес, көшпелі ел тұрмысында қамшысыз шаруаң үйлеспейді. Құтып ақын *қамшы* сөзін *біліг* сөзімен тіркестіріп “ақыл ойдың ұшқырлығын, өткірлігін” суреттеп отыр.

«Гүлістан бит -түркиден» мысал келтірсек: Ақыл тізгініні ким бәрік туттың “ақыл тізгінін берік тұттың” [7,156]. Бұл сөйлем құрамындағы *ақыл тізгіні* сабырлылықты, шыдамдылықты *тізгін* сөзіне арқа сүйеп, беріп тұр. Яғни ашуға жол бермей, қандай тұста да өзінді тізгіндеп ұста, әрекетің мен сөзіңді ойланып барып жұмса дегенді білдіреді. Бұл тұста *тізгін* сөзі де ұлттық этнотілдік танымды айғақтап тұр. Жылқы малы қазақ даласында алғаш рет қолға үйретілген. Асауды бағындырып, астыңдағы атыңды қалаған жағына бұру үшін тізгін керек. Тізгінсіз жүген, ноқта болмайды, қызба мінезге де, ашуға да тізгін керек екен, яғни адам баласы өз мінез-құлқын ақылмен реттеуі қажет деген ой өріліп тұр.

Өкінішке орай, тіпті Жошы ұлысы дәуіріндегі мұраларды зерттеген атақты ғалым Әмір Нәжіп те қазақтар туралы «Кең байтақ Алтын Орданың территориясын мекендеген бұл тайпалардың ата-бабалары осы мәдениет пен әдебиет қалыптастыруға қатысқанын жоққа шығара алмаймыз. Дегенмен кейбір тарихи себептерге байланысты бірнеше ғасыр бойы жазу-сызусыз өздерінің ауыз әдебиетін, яғни фольклорды сақтай отырып, көшпелі өмір сүрді. Кейін мәдени орталықтар қиратылған соң қазақ халқының құрамына енген тайпалар Алтын орданы мекендеген барлық түркі тайпаларына ортақ әдеби тілден қол үзді де тек тайпалық тілдерін сақтап қалды», -деп тұжырымдады[8,26]. Бұл пікірде Алтын Орданы қазақ халқынан аластатып, тарихсыз көшпенді халық ретінде қарастыратын саяси көзқарастың салқыны жоқ емес.

Орта түркі дәуірінде (XI-XV) түркі тілдерінің бәріне ортақ, жалпы түркі қауымының қарашасына да, ел билеген төресіне де, дін ұстаған қожа, молдасына да түсінікті ортақ тіл болған. Бұл тілді белгілейтін түркітануда «орта азиялық әдеби тіл», «орта азиялық түркі тілі» терминдері бар. Осы дәуірдегі жазба және ауыз-екі тілдік деректерді кеңінен зерттеген қазақ ғалымдары Ә. Құрышжанов пен А.Ибагатов «орта түркілік жазба әдеби тіл» терминін ұсынды. Ал осы орта түркілік жазба әдеби тіл кейінгі қазақ жазба әдеби тілінің дамуына негізгі рухани көз болды. (Бір ескерер жайт: осы терминнің орнына біз бүгінде көне қыпшақ тілі терминін кеңінен қолданып жүрміз. М.С.). Оған жарқын дәлел ұлы Абай ақынның шығармашылығы. Абай әлемі бірегей құбылыс және рухани бастау бұлағымыз. Ақынның қалыптасуына, хакім дәрежесіне көтерілуіне игі ықпал еткен білім көздері бар екенін білеміз. Әдебиеттануда сонау Мұқтар Әуезов зерттеулерінің негізінде қалыптасқан үш

рухани мектепті жиі қайталаймыз. Біріншісі, дүрия жыр-маржандардың алтын қоры, қазақы қара өлеңнен бастап, "Қозы Көрпеш-Баян сұлу", "Алпамыс", "Қыз Жібек" эпостық, лиро-эпостық жырлармен әйгілі - халық ауыз әдебиеті. Екіншісі – ақынның жасөспірім шағында медет сұраған шығыстың ұлы жеті шайыры Фзули, Шәмси, Сайхали, Науаи, Сағди, Фирдауси, Хожа Хафиздер, яғни шығыс поэзиясы еді. Ер жетіп, жігіт ағасы болған шағында өз бетінше үйренген және Михаэлис сияқты достарының көмегімен таныған, тұшынған орыс және Батыс әдебиеті үшінші мектеп болып танылады. Сонымен қатар төртінші мектеп ретінде орта түркі дәуірі мұралары, Қазақ әдебиетінде ежелгі дәуір әдебиетіне жататын шығармаларды айтуға болады. Сөзсіз Абайдың қазақ жазба әдебиетінің негізін салуына ықпал еткен осы дәуір әдебиеті. Олар Қарахандықтар дәуірінен бастап (М.Қашқари «Диуан лұғат ат-түрік», Ж. Баласағұнның «Құтадғу білігі» Ахмед Йүгінекидің «Ғибат ул-хақайық»),

Жошы ұлысы дәуірін қоса алғанда бес ғасыр бойы түркі әлеміне ақыл ойдың нұрын сеуіп келе жатқан жазба жәдігерліктер.

X-XV ғасырларда түркі жазба ескерткіштеріндегі адамшылық белгісін көрсететін рухани-мәдени кодтар мыналар: кісілік, тілге, білімге, дінге беріктік, ақылға ие болу, парасаттылық, кемелдікке ұмтылу, толық адам болу, мейірім толы жүрек, адамзатты дос тұту, ата-ананы құрметтеу, ұлағаттылық, қанағатшылдық, имандылық жолы, кәсіп меңгеру т.б. Осындай игі қасиеттерде ұрпаққа аманаттап кету-рухани мүдде болды. Қазақтың бас ақыны шығармашылығында жоғарыда келтірілген рухани-мәдени кодтар жаңаша өрісін тапты.

Жошы ұлысы дәуірінде дүниеге келген әдеби көркем, діни-дидактикалық шығармалар кейінгі қазақ әдебиетінің қалыптасуына рухани көз болды. Жазба жәдігерліктердің тілі бай, лексика-семантикалық жағынан бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Сонымен қатар шығармалардың өн-бойында қанатты сөздер, тұрақты тіркестер, ақыл нақылға толы мақал-мәтелдер жетерлік. Түркітанушы ғалым Ә.Құрышжанов «...осыдан барып мақал-мәтелдер көбінесе «халық даналығы» деп аталады. Ежелгі түркі тілдерінде «аталар сөзі» деп те аталады, яғни бұл – «атадан мирас болып келе жатқан қазына» деген сөз» – дейді [9, 208]. Осы шұрайлы қазынаның бір шоғырын Жошы ұлысы жазба ескерткіштерінен табамыз. Қазақтың ұлы ақынын даналыққа жетелеген де осы рухани арналар. Білім және ғылым мәселесі орта ғасырларды аса өзекті болған. Сейф ақынның «Гүлістан» поэмасына көз жүгірсек:

илм икки жәхан көркі [7,189].

Ілім– екі жаһанның көркі

амалсыз алим балсыз занбурға охшар [7,203].

Өрекетсіз ғалым балсыз арамен бірдей.

Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасында :

Ариф билә олтурмақ жахилгә ерур зиндан

Жахил билә олтурмақ арифгә жәхәннәмдур [7,216]

Наданға ғалыммен бірге отыру түрме сияқты болса,
ғалымға тамұкпен бірдей,

Бұл қазыналы бәйіттердің негізгі мағынасы надандықтан жиреніп, білімге ғашық болу, ғылымды игеруге ұмтылу. Қазақ ақыны Абай да үнемі білім-ғылымға шақырып, біліксіздерді сынап өтті. «Ақыл сенбей сенбеңіз, Бір іске кез келсеңіз...Надандарға бой берме, шын сөзбенен өлсеңіз»,-деді.

Абайдың 1899 жылы жазған бір-ақ шумақ өлеңі бар:

«Күшік асырап, ит еттім,
Ол балтырымды қанатты.
Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болды, мені атты»[10]

Сыр айтысқан жолдасың жау болып шығып, ер жігіт тәубасынан жаңылып жататын опасыздық, сатқындық қай қоғамда да болған. Орта ғасыр жазбаларында адамгершілік пен сатқындық шендестіріліп, кейінгі ұрпаққа ақыл-ой танымдарын, өмірден алған тәжірибелерінен поэзия тілімен жеткізген.

*«Оң илмин өгрәниб кеткән, ақибат
қылды нишана мәни»[7,186].*

Менен мылтық үйреніп алып,
Кейін өзімді көздеп атты.

Бүгінгі қыпшақ-оғыз тектес халықтардың әдебиеті үшін Жошы ұлысы дәуіріндегі маңызды шығармалардың бірі – Хорезмидің «Махаббат-наме» поэмасы. Қайта өрлеу дәуірінде еркін, азат идеялардың аясында жазылған жәдігерліктің Абай поэзиясына зор әсері болғаны байқалады. Алма Қыраубаева «Хорезми жер бетіндегі қызықтың бәрі о дүниелік өмірдің қасында түк емес деп уағыздамайды, қайта мұнда адамның қасиетті сезімін, адамгершілікті, асыл махаббатты ардақтап, сүю бақытын басқа қияли қызықтарға айырбастамайтынын жыр етеді», - дейді[3,36]. Ақын махаббатты, адамдардың ішкі сезімін, сұлу қыздың ер жігітті ынтықтырған бейнесін еркін суреттейді:

*Күлгеніңде қаймақ ернің үлбірер,
Сол сәтіңді пері көрсе, ол да мендей елжірер.*

Ару қыздың сұлулығын жырлау Абай шығармашылығында жаңа деңгейде көрінді. Сұлу қызға ғашық болған адамның жан жүрегінде болып жатқан көңіл күйдің ішкі иірімдерін ашық, айқын суреттермен бере білді. Абай қаламынан туған махаббат лирикалары бұрын соңды қазақ қана емес, түркі әлемінде болмаған тың құбылыс. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Білектей арқасында өрген бұрым» сияқты өлеңдерде ару қыздың елді ынтықтырар сәмбі талдай көркем бейнесін жаңаша берген. Ішкі және сыртқы сұлулығы үйлесім тапқан жандар ақынның эстетикалық идеясы болды. «Қызарып, сұрланып», «Көзімнің қарасы», «Сен мені не етесің» өлеңдері ғашық жүректің тамырын қуалаған, өзі ғана түсінетін ішкі түйсіктерді тани білуімен құнды.

Қазақ жазба әдебиетінің негізін салған Абай жоқтан бар болған жоқ. Ол сонау Жошы ұлысы дәуіріндегі діни-дидактикалық, әдеби шығармалардан нәр алып, қазақ топырағында қайта гүлдеген рухани бәйтерек.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, қазақ халқының рухани-мәдени құндылықтар тамыры сонау көне түркілер заманынан бастау алып, Жошы ұлысы тұсындағы мәдениеттер шарпысында қыпшақ мәдениеті ретінде үстемдік сипатта болды. Ал мәдениет сол кездегі мемлекеттік тіл қыпшақ тіліне арқа сүйеді. Кейінгі заманда Жошы ұлысы ыдыраса да оның рухани мәдениеті Қазақ хандығын құраған ру-тайпалардың бойында, өмір сүру дағдысында қалды. Қазақ этносының бір тұтастануында осы рухани-мәдени құндылықтар негізі рөл атқарды.

Тіл мен ұлт бірегей құбылыс екендігі осындай рухани-мәдени сабақтастықтан көрінеді. Байырғы қыпшақтық мәдениет пен бүгінгі қазақы таным-түсінік сабақтастығы, жалғастығы тілдік және әдеби деректерге сүйеніле қарастырғанда ғана байқалады. Жүзжылдықтар бойы жібі сетінемей келе жатқан ұлттық этнотілдік көрініс, рухани-мәдени құндылықтар жаһандану тұсындағы ұлт болашағын айқындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі [Электронды ресурсы]. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaidyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727> (қаралған күні: 11.05.2024)
- 2 Наджип, Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века “Гулистан” Сейфа Сарай и его язык. [Текст] / Алматы: Наука, 1975. – Ч. 1. – 208 с.
- 3 Қыраубаева, А. Ғасырлар мұрасы. [Текст] / Алматы: Мектеп, 1988. – 163 б.
- 4 Мелиоранский, П.М. Араб филолог о турецком языке. [Текст] / СПб., 1900. – 200 с.
- 5 Наджип, Э.Н. Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XIV века. [Текст] / Туркестан: Туран, 2004 – 291 б.
- 6 Хайруллина, Р.Х. Фразеологическая картина мира: от мировидения к миропониманию. [Текст] / 2-е изд. Уфа: БГПУ, 2008. – 159 с.
- 7 Фазылов, Э. Староузбекский язык. Хорезмийские памятники XIV века. Том I. [Текст] / Ташкент: издательство «ФАН», 1966. – 647 с.
- 8 Наджип, Э.Н. Кыпчакского-огузский литературный язык Мамлюкского Египта XIV века [Текст] / Автореф. дис. д-ра филол. наук. // М., 1965. – 92 с.
- 9 Құрышжанов, Ә. Сөз атасы [Текст] / Алматы: Жазушы, 1987 ж.
- 10 Құнанбаев А. Шығармалары. II том., [Текст] / Алматы, 1986

REFERENCES

- 1 Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyn Ulttyk kuryltaidyn «Adal adam – Adal enbek – Adal tabys» atty ushinshi otyrysynda soilegen sozi [Speech of the head of State Kassym-Jomart Tokayev at the third meeting of the National kurultai "Adal Adam – Adal labor – Adal income"]. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaidyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727> (karalghan kuni: 11.05.2024) – (In Kaz)
2. Nadzhip, E.N. Tyurkoyazychnyi pamyatnik XIV veka “Gulistan” Seifa Sarai i ego yazyk. [Turkic-language monument of the 14th century “Gulistan” by Seif Sarai and its language.]. Almaty: Nauka, (1975).Ch. 1. 208 s. – (In Rus)
3. Kyraubaeva, A. Gasyrlar murasy. [Heritage of centuries]. Almaty: Mektep, (1988): 163 b. – (In Kaz)
4. Melioranskii, P.M. Arab filolog o turetskom yazyke. [Arab philologist about the Turkish language]. SPb., (1900): 200 s. – (In Rus)
5. Nadzhip, E.N. Kul'tura i tyurkoyazychnaya literatura mamlyukskogo Egipta KhIV veka. [Culture and Turkic literature of Mamluk Egypt of the 14th century]. Turkestan: Turan, (2004): 291 b. – (In Rus)
6. Khairullina, R.Kh. Frazеologicheskaya kartina mira: ot mirovideniya k miroponimaniyu. [Phraseological picture of the world: from worldview to world outlook]. 2-e izd. Ufa: BGPU, (2008): 159 s. – (In Rus)
7. Fazylov, E. Starouzbekskii yazyk. Khorezmiiskie pamyatniki KhIV veka. Tom I. [Old Uzbek language. Khorezm monuments of the 14th century]. Tashkent: izdatel'stvo «FAN», (1966): 647 s. – (In Rus)
8. Nadzhip, E.N. Kypchakskogo-oguzskii literaturnyi yazyk Mamlyukskogo Egipta KhIV veka [Kipchak-Oghuz literary language of Mamluk Egypt of the 14th century]. Avtoref. dis. d-ra filol. nauk. M., (1965): 92 s. – (In Rus)

9. Kuryshzhanov, A. Soz atasy [Father of the word]. Almaty: Zhazushy, (1987). – (In Kaz)
10. Kunanbaev A. Shygarmalary [Works of Kunanbaev A.] II tom., Almaty, (1986): – (In Kaz)

ПИСЬМЕННЫЕ ПАМЯТНИКИ УЛУСА ДЖУЧИ – ДУХОВНОЕ И КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Аннотация. В статье исследуются корни национальных духовно-культурных ценностей современного казахского общества в языке письменных реликвий эпохи Улуса Джучи. Изучение духовно-культурных кодировок с помощью языковых данных показывает актуальность работы. Место и значимость письменного наследия данной эпохи для казахской духовности всесторонне доказаны. Цель исследования – доказать через язык письменных памятников непосредственную принадлежность Улуса Джучи к консолидации казахского народа в единый центр, унификации языка, определении духовно-культурных ценностей, развитию литературы и росту потенциала в политико-социальном плане. Цели и задачи, поставленные перед исследовательской работой, выполнены в теоретическом и практическом плане. Крылатые выражения, пословицы и поговорки, устойчивые словосочетания в языке письменных памятников, написанных в Среднетюркскую эпоху на территории Улуса Джучи, сравниваются с данными современного казахского языка и представлены научные выводы. Неоспоримо, что казахский народ является духовно-культурным наследником кочевников Великой степи. При сопоставлении литературных и языковых данных двух эпох наследственность становится еще более очевидной. Наряду с этим научно обосновано, что письменные памятники являются духовно-культурным наследием казахского народа.

Национальное мировоззрение, национальные традиции, духовно-культурные коды начали формироваться в нашем языке с древних времен, развиваться при Улусе Джучи и привели к консолидации нашу нацию сегодня. Свидетельством этого являются глубокий анализ фактических данных.

Ключевые слова. Улус Джучи, письменные реликвии, духовно-культурное наследие, преемственность.

Статья написана в рамках проекта Комитета науки МНВО РК «Язык письменных памятников Средневековья – мир духовных и культурных ценностей» (AP19679282).

WRITTEN MONUMENTS OF JOCHI'S ULUS - SPIRITUAL AND CULTURAL HERITAGE OF THE KAZAKH PEOPLE

Abstract. The paper examines the roots of the national spiritual and cultural values of present Kazakh society in the language of written relics from the era of the Ulus of Jochi. The study of spiritual and cultural encodings using linguistic data shows the relevance of the work. The role and significance of the written heritage of this era for Kazakh spirituality has been comprehensively proven. The aim of the research is to prove, through the language of written monuments, the direct affiliation of the Ulus of Jochi to the consolidation of the Kazakh people into a single center, the unification of the language, the definition of spiritual and cultural values, the development of literature and the growth of potential in political and social terms. The aims and objectives set for the research work were fulfilled in theoretical and practical terms. Idioms, proverbs and sayings, stable phrases in the language of written monuments

written in the Middle Turkic era on the territory of the Ulus of Jochi are compared with data from the modern Kazakh language and scientific conclusions are presented. It is undoubtedly that the Kazakh people are the spiritual and cultural heirs of the nomads of the Great Steppe. When comparing the literary and linguistic data of the two eras, heredity becomes even more obvious. Along with this, it is scientifically substantiated that written monuments are the spiritual and cultural heritage of the Kazakh people.

National worldview, national traditions, spiritual and cultural codes began to form in our language from ancient times, developed under the Ulus of Jochi and led to the consolidation of our nation today. This is evidenced by an in-depth analysis of the evidence.

Key words. Jochi's Ulus, written relics, spiritual and cultural heritage, continuity.

The article was written within framework of Science Committee project MSHE RK «The language of written monuments of the Middle Ages is the world of spiritual and cultural values» (AP19679282